

## Автотұрақтардың (паркингтердің) санатын белгілеу және автотұрақтарға (паркингтерге) бөлінген жерлерге базалық салық мөлшерлемелерін ұлғайту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха аудандық мәслихатының 2018 жылғы 20 қарашадағы № 30/3-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Шемонаиха аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 21 қарашада № 5-19-197 болып тіркелді.

### Р К А О - ның ескертпесі.

**Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы кодексінің 505-бабына, 509-бабы 3-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Занының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына сәйкес Шемонаиха аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

- 1-қосымшаға сәйкес автотұрақтардың (паркингтердің) санаты белгіленсін.
- 2-қосымшаға сәйкес автотұрақтарға (паркингтерге) бөлінген жерлерге базалық салық мөлшерлемелері ұлғайтылсын.
3. Автотұрақтарға (паркингтерге) бөлінген басқа санаттардағы жерлерге салықты есептеу кезінде жеріне базалық мөлшерлемелер қолданылатын жағын орналасқан елді мекен Шемонаиха қаласы болып айқындалсын.
4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Шемонаиха аудандық

мәслихатының хатшысы

B. Сизиков

A. Боровикова

Шемонаиха аудандық

мәслихатының

2018 жылғы 20 қарашадағы

№ 30/3-VI шешіміне

1-қосымша

## Автотұрақтардың (паркингтердің) санаты

| № | Автотұрақтар (паркингтердің) түрлері  | Санаты  |
|---|---|---------|
| 1 | Жер үстіндегі жабық түрдегі автотұрақтар (паркингтер), ашық түрдегі автотұрақтар (паркингтер) | 1-санат |

Шемонаиха аудандық  
мәслихатының

2018 жылғы 20 қарашадағы

№ 30/3-VI шешіміне

2-қосымша

## Автотұрақтарға (паркингтерге) бөлінген жерлерге базалық салық мөлшерлемелерін ұлғайту

| № | Автотұрақтар<br>паркингтер) санаты | Автотұрақтарға (паркингтерге) бөлінген жерлерге<br>базалық салық мөлшерлемелері |         |         | Базалық<br>мөлшерлемелерді<br>ұлғайту |
|---|------------------------------------|---|---------|---------|---------------------------------------|
|   |                                    | Шемонаиха қ.  | кенттер | ауылдар |                                       |
| 1 | 1-санат                            | 7,24  | 0,96    | 0,48    | 10 ессе                               |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК